

Лекция 15.

Тақырыбы: Оқу әдебиеттері. Оқулықтар. Оқу құралдары. Әдістемелік нұсқаулар. Студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған есептер жинағы.

Лекция мақсаты мен міндеттері: Болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың басты жолдары.

Лекция мазмұны: СӨЖ – болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі. Осыған орай ЖОО-да әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді, түрлі күрделі сұрақтарды шығармашылықпен шеше білуді үйренуі талап етіледі.

СӨЖ – жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде студенттердің өзіндік әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше бір құралы. Олай болса кредиттік оқыту жүйесінің жоғары мектепте ендірілуі және СӨЖ-дің үлесінің артуы оны белсендіруге баса көңіл аудартады. Жаңа оқыту технологиясының ендірілуіне сәйкес ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыру, оқыту технологиясын және оның әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуін өзгерту қажет болды.

СӨЖ-дің педагогикалық мақсатына, студенттің әрекетінің сипатына, өз бетімен жұмыс жасау деңгейіне, жұмыстың мазмұны мен түріне, тапсырма типіне, білім көздеріне, СӨЖ-ді орындау орнына, ізденімпаздықтың деңгейіне, оқу пәнінің ерекшелігіне, оқытудың нақты мақсаттары мен қойылған міндеттерге, оқытудың әдіс-тәсілдеріне, нақты есеп түрлеріне қарай әртүрлі анықталатыны байқалды.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер, бейнефильмдер.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ – жауап, түсіндіру

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Жаңа оқыту технологиясы

1. Білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі.

2. СӨЖ-дің педагогикалық мақсаттары.

2. Кредиттік оқыту жүйесінің жоғары мектепте ендірілуі

ОБСӨЖ тапсырмалары:

СӨЖ-ді орындау ережелері. СӨЖ-мағынасы.

СӨЖ тапсырмалары:

СӨЖ- студенттың танымын дамыту құралы ретінде.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Таубаева Ш.Т. Теоретические основы проектирования государственных общеобязательных стандартов высшего профессионального

образования. -Алматы: Ғылым. -2003. -137с.

2. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. -144 б.

3. Теория и методика обучения физике в школе общие вопросы. /Ред. С.Е.Каменецкого, М., 2001.

4. Педагогика профессионального образования: учеб. пособие / Е. П. Белозерцев, А. Д. Гонеев, А. Г. Пашков/ под ред. В. А. Сластенина. - Москва : Академия, 2004. - 368 с.

5.Алимбекова Г.Б. Физика пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған оқу құралы. - Алматы , 2008. - 252 б.